

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

Торайғыров университетінің ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2026)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/BGQF2048>

Бас редакторы – главный редактор

Тулекова Г. М.

доктор PhD, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Попандопуло А. С., *доктор PhD, профессор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Искакова З. С.

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***А. Б. Дошыбеков¹, Ж. М. Есиркепов², Б. Ө. Ермаханов³,
А. Ж. Куватов⁴, Б. Т. Джигарбаев⁵**

¹Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Халықаралық туризм және меймандостық университеті,

Қазақстан Республикасы Түркістан қ.;

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-түрік университеті,

Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.;

⁴Торайгыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

⁵С. Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4284-3722>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2542-6246>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1203-2280>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2361-2985>

⁵ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3296-0594>

*e-mail: Doshybekov@mail.ru

СПОРТ АЛАҒЫНДА ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ОЙНАУДЫ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Бұл мақалада қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтың шығу тарихы мен қалыптасу кезеңдеріне шолу жасалды, елімізде және шетелде тоғызқұмалақ спортының дамуына үлес қосқан, компьютерлік бағдарламалар мен ойын ережелерін әзірлеген ғалымдар мен білікті жаттықтырушылардың ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстарына талдау жасалды. Дене мәдениеті және спорт саласындағы көптеген ғалымдар тоғызқұмалақ ойынында қозғалыс әрекеттері жоқ, ол тек баланың логикалық ойлауын жетілдіреді және ойынды мектеп бағдарламасына қосудың қажеттілігі жоқ деген пікірлеріне назар аударылады. Осы мәселені жан-жақты талдай отырып, балалардың ойлау қабілетін дамытуға бағытталған тоғызқұмалақ ойынын топтық (командалық) ойыншылар болып қимыл-қозғалыста жүріп ойнайтын және логикалық ойлау қабілетін дамытатұға бағытталған жаңа нұсқасы ұсынылады. Мақалада жаңа ойынның негізгі ерекшеліктері, алаңдағы ойын жабдықтары

және балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты ойын алаңының өлшемдері қарастырылады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелерін тәжірибеге енгізу бағытында 2025 жылы Халықаралық туризм және меймандостық университетінің базасында өткізілген XIII жазғы Универсиада аясында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 29 ЖОО-нан келген команда жетекшілері мен студенттер қатысты. Сауалнама нәтижелері талданып, зерттеу бағытымыздың дұрыстығы тәжірибе жүзінде дәлелденді.

Кілтті сөздер: тоғызқұмалақ, ұлттық ойындар, ұлттық құндылықтар, логикалық ойлау, дене қабілеттері, жарыс.

Кіріспе

Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетіне ерекше назар аудару қажет. Бұқаралық спортқа, дене шынықтыруға және балалар спортына басымдық беру керек», – деп атап өтті. Бұқаралық спортқа, оның ішінде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытатын спорт түрлеріне үлкен мән беріп, елдің білім беру мекемелерінде зияткерлік ойындарды міндетті пән ретінде оқыту жөніндегі жобаны іске асыру қажеттігіне тоқталды [1]. Сонымен қатар, жыл сайынғы Жолдауларында, Ұлттық құрылтай отырыстарында елдегі балалар спорты мен ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдайтынын үнемі айтып келеді. 2024 жылы Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда ұлттық идеология мәселесіне көңіл бөліп, өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге ерекше назар аударуды ұсынды [2]. 16.06.2025 ж. «Дене шынықтыру және спорт» туралы заңға енгізілген толықтырулар мен өзгерістерде ұлттық спорт түрлері Олимпиадалық спорт түрлерімен қатар басымдыққа ие болатындығы нақты көрсетілді. Бұл заңнамалық өзгерістер ұлттық спорт түрлерін заманауи бағытта дамытып, жоғары жетістіктер спорты ретінде тануға мүмкіндік береді.

Ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан ұлттық ойындарды – ұлттық құндылықтардың қайнар көзіне жатқызуға толық негіз бар. Өйткені, қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындары жастардың басын біріктіріп, олардың жанын да тәнін де шынықтырып, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелейді. Ұлттық ойындар шығу тарихынан бастап дамудың жаңа сатысына түскенге дейін отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, әлемдік спорттың ережелері мен талабына сай түрлі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жаңару үстінде. Мұндай спорт түрлері мен ойындарға «Тоғызқұмалақ», «Садақ ату», «Жамбы ату», «Аударыспақ», «Көкпар», «Асық ату» жатады. V Дүниежүзілік көшпенділер

ойыны аясында үстел ойындары арасында ішінде тастары бар тоғызқұмалақ тақтасы тұңғыш рет ғарыш кеңістігінің стратосфера қабатына шығуы еліміз үшін үлкен жетістік болып саналады. Көшпенділер ойынында тоғызқұмалақ сайысына 41 елден 114 спортшының қатысуы, ойлылар ойынының әлемнің АҚШ, Колумбия, Ұлыбритания, Франция, Германия, Бангладеш, Қытай, Латвия және Африка елдерінде де дамуы алдағы уақытта тың серпін беретіні сөзсіз. Бұл спорт түрлерінен елімізде республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар үнемі өткізіліп, тиісті дәрежедегі спорттық атақтар беріліп келеді. Бүгінгі таңда ҚР Туризм және спорт министрлігінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша келтірген деректерінде елімізде ұлттық спорт түрлерімен жүйелі түрде айналысатындар саны 660 мың адамнан асып отыр (2023 жылы бұл көрсеткіш 619,2 мың адаммен 8,7 %-ды құраса, 2024 жылы 41 мың адамға көбейіп - 9,7 %-ды құрады). Ұлттық спорт түрінен барлығы 1781 жаттықтырушы жұмыс істесе, оның ішінде ауылдық жерлерде 1004 жаттықтырушы жұмыс жасайды. Еліміздің өңірлерінде ұлттық спорт түрлерін дамыту мақсатында 15 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен 17 мамандандырылған спорт клубы тұрақты жұмыс істейді. Еліміз бойынша жыл сайын ұлттық спорт түрлерінен 1000-нан аса жарыстар өткізіліп келеді [3]. Бұл көрсеткіштер ұлттық спорт түрлерінің елімізде қарқынды дамып келе жатқандығын көрсетеді.

Қазіргі уақытта әлемдік спорт федерациялары мойындаған 100-ден астам спорт түрлері бар, олардың бірі - күшті дамытса, екіншісі – жылдамдық пен төзімділікті, үшіншісі - ептілік пен икемділікті, төртіншісі – мергендік пен дәлдікті талап етеді. Ал, адамның логикалық ойлауын дамытып, тез шешім қабылдауға ықпал ететін шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ сияқты ойындардың өскелең ұрпақты саналы, ойы ұшқыр, тапқыр да алғыр болып қалыптасуында алатын орны ерекше.

Зерттеудің мақсаты. Тоғызқұмалақты алаңда ойнаудың ережелері мен әдістемесін түсіндіру, ойын арқылы қатысушылардың бойына әділдік пен командалық рухты тәрбиелеу.

Зерттеудің міндеті:

- ойыншыларға тоғызқұмалақты алаңда ойнаудың ережелері мен әдістемесін түсіндіру және олардың дұрыс ойнауына жағдай жасау;
- ойын арқылы қатысушылардың бойына әділдік, жауапкершілік, шыдамдылық сияқты қасиеттерді сініру;
- ойынға қатысушыларды ұжымдық есептеу, ұжымдық мүдде, ұжымдық жеңіс сияқты командалық рухқа тәрбиелеу.

Материалдар мен әдістері

Тақырып аясында тоғызқұмалақ ойынын дамыту және жетілдіруге арналған оқулықтарды, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, ұлттық спорт түрлерін дамыту бойынша отандық ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары мен монографиялық еңбектеріне мұқият талдау жасалды. Ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектерді талдау үш кезең бойынша жүргізілді.

Бірінші кезеңде – 1900–1950 жылдар аралығында шыққан еңбектерге талдау жасалды;

Екінші кезеңде – 1951–2000 жылдар аралығында тоғызқұмалақты дамытуға ізденіс жүргізген мамандардың еңбектері зерделенді;

Үшінші кезеңде – 2001–2025 жылдар аралығында тоғызқұмалақты жаңа заманға лайықтап, жаңғырту бағытында еңбектенген ғалымдар мен жетекші мамандардың ғылыми және оқу-әдістемелік еңбектеріне талдау жасалды.

Тоғызқұмалақ ойынын алаңда ойнау әдісі Тараз қаласындағы № 10 орта мектептің оқу-тәрбие үдерісінде және Халықаралық туризм және меймандостық университетінің 2024–2025 оқу жылының жұмыс оқу жоспарына сәйкес тоғызқұмалақ пәнінде тәжірибеде жүзеге асыру жұмыстары жүргізілді. Қазақ халқының ұлттық ойыны тоғызқұмалақты өскелең ұрпаққа кеңінен насихаттау және ұлтына, дініне, нәсіліне қарамастан көп ұлтты қазақстандық қоғамының ұлттық спортқа оң көзқарасын қалыптастыру мақсатында командалық тоғызқұмалақ ойынына арналған ойынның жаңа нұсқасы, арнайы ойын алаңы мен құмалақ өлшемдері әзірленіп, зерттеуіміздің жаңалығы айқындалды.

Сонымен қатар, Халықаралық туризм және меймандостық университетінде 2025 жылдың 10–16 мамыр аралығында тоғызқұмалақтан өткізілген XIII жазғы Универсиада аясында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада үш сұрақ қамтылды. Сауалнамаға қатысушылар туралы мәлімет 1-кестеде беріледі. Сауалнама көрсеткіштері талданып, нәтижелері математикалық өңдеу әдісі арқылы есептеліп шығарылды.

1-кесте – XIII жазғы Универсиада аясында тоғызқұмалақтан жарысқа қатысушылар туралы мәлімет (n=162).

№	Қатысушылар	Саны
1	Ерлер	84
2	Қыздар	78
Барлығы:		162
Ескерту: қатысушылар саны XIII жазғы Универсиаданың тоғызқұмалақ жарысының хаттамасынан алынды.		

Нәтижелер және талқылау

Тоғызқұмалақ ойыны жылдан-жылға дамып, алыс және жақын шет елдерде кеңінен насихатталып, халықаралық деңгейдегі чемпионаттар жүйелі түрде өткізілуде [4].

Тоғызқұмалақты әлемдік мәдениеттің құнды жауһарларымен терезесі тең, логикалық ойлауды дамытатын, зияткерлік ойын түрі деп атауға негіз бар. Өйткені, ата-бабаларымыз баланың ақыл-ойының дамуына, тез шешім қабылдап, алғыр да тапқыр болуына баса мән беріп, осы ойынды ойлап тауып, күнделікті өмір салтында зияткерлікті дамытатын тәрбие құралы ретінде кеңінен қолданып келді [5].

Тоғызқұмалақтың пайда болуы мен шығу тарихы сан ғасырлар өтсе де әлі толық зерттеліп, ғылыми тұрғыдан айқындалған нақты тұжырымдамасы жоқ. Тек тарихтың терең қатпарынан бастау алып, атадан балаға мирас болып келе жатқан құнды мұралардың бірі болып саналады. Археолог ғаламдар тоғызқұмалақтың шығу тегін 4000 мың жылды қамтиды деп мәлімдейді [5, 10-6.]. Еліміздің тарихи орындарынан табылған тасқа қашалған тоғызқұмалақ тақталары бұл ойынның көне дәуірден бастау алатындығына нақты дәлел бола алады.

Көптеген жылдар бойы қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындарын зерттеп, 30-ға жуық ғылыми еңбектер жазып, ұлттық спорттың дамуына баға жетпес үлес қосқан белгілі ғалым-профессор М. Төнекеев өзінің «От байги до Олимпиады» атты монографиялық еңбегінде тоғызқұмалақ ойынының даму тарихы Ресей және шетел ғалымдарының еңбектерінде де кездесетіндігін атап өтеді [6]. 1906 жылы орыс ғалымы Н. Пантусов өзінің «Киргизская игра тогуз кумалак» атты еңбегінде тоғызқұмалақ ойынын алғаш рет теориялық тұрғыдан талдап берді [7]. Осы талдауға сүйене отырып, 1936 жылы белгілі қазақ ғалымы С. Аманжолов қазіргі ойыншылардың екеуіне де «тұздық» алу тәртібі мен ережесін енгізді. Бұл өз кезегінде жаңа сипаттағы тоғызқұмалақ ойынын дамытуға мүмкіндік туғызды. Кейбір тарихи мәліметтерге сүйенсек, «Тоғызқұмалақ ойыны 8000 мың жыл бұрын пайда болып, ұрпақтар сабақтастығын сақтап, атадан балаға мирас болып, ұмытылмай келеді», – деген ғылыми тұжырымдалған деректер де кездеседі [8].

Профессор М. Төнекеев өзінің «Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихы» атты оқу құралында «Археологтар 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде біздің дәуірімізге дейінгі IV ғасырда қоныстанған ескі үй-жайдан арнайы дайындалған ойын тастарын және түрлі тарихи жәдігерлерді тапты. Ғалымдар осы тастарды тоғызқұмалақ ойынында қолданылғанын алға тартады», – деген тұжырыммен келісетіндігін білдіреді [9]. Тараз қаласының

орталық мұражайында тастан ойылған тоғызқұмалақ тақтасы бейнеленген тарихи жәдігер бар. Қарахан баба кесенесінің алдында орналасқан үлкен қойтастың бетінде тоғызқұмалақ тақтасындағы көмескіленген сандар мен араб жазулары бұл ойынның ежелгі дәуірден бастау алатынын нақтылайды.

Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов тоғызқұмалақтың халық санасында ұмытылмауы үшін қыруар еңбек етіп, республикалық деңгейдегі көптеген жарыстарға қатысты. Сондай-ақ Абай Құнанбайұлының да тоғызқұмалақты құмартып ойнағандығын және осы ойынға қарап отырып, ойын элементтерін үйреніп алғандығын «Абай жолы» шығармасының «Биікте» тарауында атап өтеді. Бала Мұхтар Абай мен Көрпембайдың ойынын тамашалай отырып, құмалақтардың сүйектен жасалғанын, отауларға тоғыз-тоғыздан құмалақ салынатынын, адам неғұрлым көп ойнаса, соғұрлым ойынға жақсы машықтанатынын, жүрісті жүрмес бұрын, мақсатсыз жүруден сақ болу қажеттілігін, ойынды бастауда әртүрлі бастамалар болатындығын, ойыншы ойын кезінде қарсыласын өзі жақсы меңгерген бастамаға тарта ойнайтындығын, ойынның алғашқы жүрістері нәтижелі болып, тартыс алғашқы жүрістерден-ақ шиеленіске түсетіндігін, дойбы ойынындағы «биге» шығу секілді «түздық» алынатындығын, отаулардың алдыңғы, орта және артқы отаулар болып бөлінетіндігін, «түздық» алу жеңіс қадамы болып саналатынын, ойыншы өз кезегі келіп, жүріс жасағанда соңғы құмалақ қарсыластың бір отауына түскен жағдайда ғана: алыным, жай жүріс немесе «түздық» ұтқан жүріс болып саналатынын, ойынның қырсырын білетін көрермендер ойынды қызықтап, іштей құмалақтарды санап, делебесі қозып отыратындығын, ел ішіндегі шебер ойыншылар алдымен өз ауылында жеңіске жетіп, содан кейін көршілес ауылдың ойыншыларымен кездесетіндігіне мән беріп, тоғызқұмалақтың ойын ережелерін толық меңгеріп алғанын тамаша суреттейді [10].

Тоғызқұмалақтан Республиканың алғашқы біріншілігі 1948 жылы өткізілгені және оған М. Әуезов пен КСРО Халық әртісі Қ. Қуанышбаевтардың да қатысқандығы туралы ресми дерек бар [4].

КСРО заманында қазақ ғалымдарының [8; 11; 12] тоғызқұмалақ ойынына арналған оқулықтары мен оқу құралдары еліміздің әр өңірінде ұлттық ойындарды дамытуға тың серпін берді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық ойындарға, оның ішінде тоғызқұмалақ ойыны дамудың даңғыл жолына түсті. Ойын ережелері мен жарыстарды өткізу тәртібі жетілдіріліп, ойынның бұқаралық сипат алуына ерекше үлес қосқан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушылары мен білікті мамандары шығарған [5; 14; 15; 16; 17; 18] оқу және оқу-әдістемелік еңбектері жас жаттықтырушылар мен ойыншыларға, құнды әдістемелік құрал ретінде

зияткерлік ойынның өркендеуіне үлкен әсерін тигізді. Бұл еңбектердің жас ұрпақты тоғызқұмалақ ойынына үйретудегі рөлі өлшеусіз.

1974 жылға дейін әріппен белгіленіп келген отауларға 1-ден 9-ға дейін сандармен белгілеудің жаңалығын ҚР ЕСЖ С. Тлеубаев енгізді және тоғызқұмалақ ойынының жаңа бір сатыға көтерілуіне ықпал етті. Бұл көрсеткіш тоғызқұмалақ тақтасында блиц-турнирлер өткізіп, жазып ойнауға мүмкіндік берді [12, 10–25-б.].

2020 жылғы 14-19 желтоқсанда Париждегі XV сессияда ЮНЕСКО ұйымы Қазақстан, Қырғызстан және Түркия елдерінің өкілдерімен бірлесіп «Тоғызқұмалақты» адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енгізді. Бүгінгі таңда осы үш елдің ынтымақтасының арқасында бүкіл әлем халықтарына тоғызқұмалақтың ақыл-ой құндылығын дәріптейтін ұлылығын және адамның математикалық ойлау қабілетін жетілдірудің таптырмас құрал екенін түсіндіретін Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы құрылды. Бұл түркі халықтарының ортақ жәдігері ғана емес, сонымен қатар, ғасырлар бойы сақталған және бізге жеткен тарихи құндылық пен ақыл-ой мәдениетінің көрсеткіші болып табылады [13].

Қазіргі уақытта Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясының мәліметі бойынша, әлемнің 50-ден астам елінде тоғызқұмалақ ойнайды. Онлайн-интернет арқылы 100-ден астам елдің халқы түрлі жарыстарға қатысады. Бүгінге дейін 25–30 мемлекеттен келген спортшылардың қатысуымен Әлем біріншілігі 6 рет өткізілді. Әлемге танымал зияткерлік ойындар сайттарында тоғызқұмалақ көшбасшылар қатарында. Қазақстанда 660 мыңнан астам адам тоғызқұмалақпен түрлі деңгейде тұрақты айналысады және шеберліктерін жетілдіріп келеді.

Қытайда және Батыс Еуропаның көптеген елдерінде тоғызқұмалақ ойыны үлкен ақпараттық тұрғыдан насихатталуда. АҚШ-тың Нью-Йорк қаласындағы Аляска университетінің ғалымдары «Тоғызқұмалақ» ойынына жан-жақты зерттеулер жүргізіп, оның әлемдік деңгейде таралуына ерекше үлес қосуда [14]. Қазіргі уақытта тоғызқұмалақ Дүниежүзілік зияткерлік ойындар олимпиадасының бағдарламасына енді, онда бүкіл әлем балалары тоғызқұмалақ ойнау арқылы өздерінің шығармашылық қабілеттерін шындай алады [14].

Адамның ой-өрісін кеңейтіп, өмірге қажетті есептерді шешуге, тез шешім қабылдауға, жігер мен намысты шындауға, терең ізденіп, еңбектенуге, көздеген мақсатқа жетуде табандылық көрсетуге, терең ойлауға дағдыландырып, ұстамдылық, төзімділік, сабырлылық, алғырлық, табандылық сияқты қасиеттерді дамытуға бағытталған бұл ойынды ойлап табу дана халқымыздың бойында дарындылықтың болғанын, ғылым мен білімге ерте кезден бейімделгенінің айқын дәлелі.

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап ұлттық спорт түрлері мен ойындарды дамытуға ерекше көңіл бөлінді, ал 2024 жылдың қыркүйек айында Астанада әлемнің 89 елінің қатысуымен өткен Түркі әлемінің төл Олимпиадасы – V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бағдарламасына «Қазақ күресі», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату» спорт түрлерінің енгізілуі ұлттық спорт түрлерінің жаңа қарқынмен дамып келе жатқанын көрсетеді. Бұл ауқымды жұмыстардың барлығы болашақта тоғызқұмалақ ойынын жазғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізу бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар болып табылады.

Әлем және Азияның көптеген чемпиондарын дайындаған тоғызқұмалақ ойынының дамуына еңбегі сіңген майталман-маман, ҚР ЕСЖ Е. Иманбаев Абай Құнанбайұлының тоғызқұмалақ мектебінен заманауи компьютерлік технологияларды пайдалануға дейінгі екі ғасырлық уақытқа терең зерттеулер жүргізіп, ғылыми талдау жасады және үздіксіз ізденістер негізінде тоғызқұмалақ ойынының компьютерлік бағдарламасын әзірлеп, төрт адам ойнайтын тақтаны тәжірибеге енгізді. Сонымен қатар, «Құмалақ санау жүйесі» атты ғылыми еңбек жазды [17].

Тоғызқұмалақты әлемдегі ең тартымды және ең күрделі зияткерлік ойындардың бірі деп санауға толық негіз бар. Өйткені, тоғызқұмалақ әлемдік деңгейге көтерілгені бұл ойынға әуесқойлардың саны бес құрлықтың әр аймағында жыл санап артып келеді. Халықаралық <https://www.iggamecenter.com/ru/info/maintoguz>, <http://9kumalak.com> зияткерлік ойындар сайты арқылы басқа зияткерлік ойындарға қарағанда тоғызқұмалаққа қызығушылық танытатындар санының артып келуі, әлемге танымал шахмат пен дойбыға қарағанда тоғызқұмалақ ойнаушылардың басым болуы – ең алдымен тоғызқұмалақ құрылымы мен мазмұны жағынан өте күрделі әрі терең болуында деп толық айта аламыз.

Ежелгі заманнан бері қазақ жерінде тұсауы кесілген данышпандар ойыны бүкіл әлемге танымал болып, ойы озық, санасы сергек адамды өзіне баурап алуы – ұлттық мәдениетіміздің мерейі үстем әрі мәртебесі биік, сондай-ақ, қазақ халқының әлемдік мәдениетке қосқан зор үлесі екендігін көрсетеді.

Еліміздегі ұлттық спорт өнеріне жанашыр азаматтардың терең ғылыми ізденістері негізінде 2011 жылы интернет желісінде тоғызқұмалақ ойыны тіркеліп, онлайн жүйеде ойнайтын бағдарламасы тәжірибеге енгізілді. Осы электрондық бағдарламаның негізінде әлемдегі ең үздік ойыншылар онлайн форматында ойнауға, тәжірибелі ойыншылардың кездесулерін талдауға және шеберліктерін жетілдіруге үлкен мүмкіндікке ие болды.

Қазіргі жаһандану үдерісінде, ақпараттық технологиялардың сәт сайын жаңаруы мен дамуы дәуірінде мидың жұмысын, ойлау дағдыларын

жетілдіріп, шынықтыруға бағытталған тоғызқұмалақ ойынының үлкен пайдасын сезінеміз.

Қазақ халқында «Денсаулық – зор байлық», «Дені саудың – жаны сау», – деген қанатты сөздер бар. Қазіргі қоғамда «Тоғызқұмалақ ойынында дене қасиеттерін дамытатын дене жаттығулары мен қимыл-қозғалыстар мүлдем жоқ, ол тек қана баланың логикалық ойлауын дамытады», – деген көптеген пікірлер мен ұсыныстар баспасөз ақпарат құралдарында жиі көтеріліп келеді. Бұл тұрғыда профессор Ж. Егізбаев тоғызқұмалақ ойынын мектеп бағдарламасына енгізу үлкен қателік деп санайды. Ол «Мектептегі дене тәрбиесі сабағында спорттық құрал-жабдықтар жетіспейді дегенді алға тартып, тоғызқұмалақ, дойбы, шахмат ойнататын сабақтар аз емес. Өйткені, бұл сабақтарда қимыл-қозғалыс әрекеттері жоқ. Зияткерлік ойындар баланың логикалық ойлау қабілетін дамытса да, денесін шынықтырмайды. Бұл сабақтарды тек сыныптан тыс уақытта үйірме ретінде өткізуге болады», – деген көзқарасты ұстанады [18; 19].

Талқылау

Біз қоғамдағы профессор Ж. Егізбаев және т.б. мамандардың тоғызқұмалақ ойыны адамның тек логикалық ойлау қабілетін дамытып, қимыл-әрекеттерін шектейді деген ұстанымдарына жан-жақты талдау жүргізіп, тоғызқұмалақты алаңда ойнау әдісін арнайы жоба ретінде қарастырдық. «Тоғызқұмалақты алаңда ойнау» ережесі мен ойнау элементтері қолданыстағы тоғызқұмалақ ойынының ережелеріне негізделген. Ойынның жаңа нұсқасының басты мақсаты - өскелең ұрпақты салауатты өмір салтының негіздерімен таныстыру және ұлттық ойындарды жандандыру және танымал ету, бұқаралық сипатын арттыру. Қазіргі уақытта тоғызқұмалақ ойынына қызығушылық танытатын ойыншылар санының артуы халық арасында ұлттық ойынымызды кеңінен таратуға, мәртебесін арттыруға мүмкіндік туғызуда. Ойынды ұжымдық негізде ойлау жастар арасында өзара сенім мен достық қарым-қатынасты нығайтуға, бір-біріне деген құрмет пен сыйластықты арттыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Бұл ойын қоғамның барлық өкілдеріне арналған. Біз ойын арқылы ұлттық спортымыздың әлемдік деңгейге көтерілуіне ықпал ететін этнопедагогикалық дәстүрлер негізінде қалыптасқан ұлттық ойындарды жаңғыртуда, насихаттауда айтарлықтай жетістіктерге жеткіземіз деп санаймыз. Сондықтан ойынның бұл жаңа нұсқасы дене тәрбиесі пәні бойынша оқу-тәрбие үдерісінде оң нәтиже беретіндігіне сенеміз. Мектепте оқу-тәрбие жұмысын дұрыс құру үшін біз алдымен оқушыларды осы ұлттық ойын түріне қызықтырып, олардың құмарлықтарын оятуымыз керек. Егер мұғалім әрбір сабақты, сыныптан тыс жұмыстарды терең білімділік пен ізденімпаздық деңгейде оқушыларды

қызықтыра алатындай етіп жоспарлай алса, сонда ғана мұғалімнің жұмысы нәтижелі болады.

Тоғызқұмалақ ойынының жаңа нұсқасы Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы бекіткен қолданыстағы ережемен ойналса да төмендегідей өзіне тән ерекшеліктері бар.


Тоғызқұмалақты алаңда ойнаудың негізгі ерекшеліктері:

- ойын ашық алаңда өтеді;
- ойын топтар арасында өткізіледі, командада он ойыншы және екі қосалқы ойыншы, барлығы он екі ойыншы болады;
- топта бір ойыншы команда капитаны болып тағайындалады;
- командалар құрамында тоғызқұмалақ ойынының толық техникалық, тактикалық тәсілдерін меңгермеген балалар ойын барысында командаластарымен бірге ойлауға, дұрыс шешімдер қабылдауға және қимылдарды есептеу, қарсылас команда құрған тактикалық тәсілдерге қарсы әдіс-айла жасау үшін идеялармен алмасуға мүмкіндік алады;
- балалар үнемі қозғалыста жүріп, ойынның басынан аяғына дейін логикалық ой үстінде болады;
- алаңдағы тоғызқұмалақ ойыны оқушылардың ақыл-ой және қозғалыс қасиеттерінің дамуына, жақсы көңіл-күйге оң әсер етеді;
- ойын топтар арасында өтетіндіктен тоғызқұмалақ ойынына деген қызығушылық пен құштарлық артады;
- күн суық мезгілде спорт залында, ал, жылы мезгілден бастап күн суытқанға дейін ашық алаңда өткізуге болады;
- сыныпта 20–22 оқушы болса екі командаға, 30 оқушы болса үш командаға бөліп өткізуге болады. Сонда, оқушылардың барлығы ойынға қатынасады және қарсыластарының қателіктерін бағдарлап, тәжірибе жинақтауына мүмкіндіктер туады;
- өзара келісім бойынша, есептелген жүрістерді жасауда ойыншылар қарсыластардың отауларына құмалақтарды бір-бірден көтеріп алып барып салады, құмалақ көп жиналған бай отаулардағы құмалақтарды екі құмалақтан тасымалдауға болады;
- ойыншылар құмалақтарын отауға салған соң қарама-қарсы бағытта жүрмеуі керек;
- ойыншылар қарсы команданың ойыншыларына жүрістерді есептеуге, құмалақтарды тасымалдауға кедергі келтірмеу үшін тактадан бір жарым метр қашықтықта болуы керек;
- ойын барысында құмалақтарды бір-біріне лақтыруға, аяқтарымен жылжытуға, отауларға және қазанға аяқпен басып кіруге қатаң тиым салынады;

– қатысушылар ойынап жүріп, ойын ережесін тез меңгереді;
– мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, танымдық, тәрбиелік үдерістер жүзеге асырылады.


Тоғызқұмалақты алаңда ойнатуға арналған ойын алаңының жабдықтары мен өлшемдері :

12–16 жастағы жасөспірімдерге арналған ойын алаңы мен құмалақтар өлшемі. № 1–2 сурет.



1-сурет – 12–16 жастағы жасөспірімдерге арналған ойын алаңының өлшемі


Ескерту: сурет авторлармен жасалды.




2-сурет – 12–16 жастағы жасөспірімдерге арналған құмалақ өлшемі

Ескерту: сурет авторлармен жасалды

7–11 жастағы жасөспірімдерге арналған ойын алаңы мен құмалақтар өлшемі. № 3–4 сурет.



3-сурет – 7–11 жастағы жасөспірімдерге арналған ойын алаңының өлшемі
Ескерту: сурет авторлармен жасалды.



4-сурет – 7–11 жастағы жасөспірімдерге арналған құмалақ өлшемі
Ескерту: сурет авторлармен жасалды

Тоғызқұмалақты топтар арасында алаңда ойнау үшін спорт алаңына және спорт залына сары түсті бояумен (ені (жалпақтағы) – 5 см) сызылады.

Тоғызқұмалақты алаңда ойнауға арналған ойын тақтасы мен құмалақтарды мүмкіндігінше пластикалық материалдан дайындау ұсынылады.

Тоғызқұмалақты алаңда ойнауға арналған алаңның жалпы көрінісі.
5-сурет



5-сурет – Тоғызқұмалақты спорт алаңында ойнауға арналған тақтаның (алаңның) жалпы көрінісі

Ескерту: сурет әлеуметтік желіден алынды (https://kaz.inform.kz/news/tarazda-alandagy-togyzkumalaktan-ashyk-turnir-otti_a3469577/).

Ойыншылардың спорттық киімдері:

- тоғызқұмалақ ойынын алаңда ойнайтын команда ойыншыларының спорттық киімдері біркелкі болуы тиіс;

- ойынға (жарысқа) қатысатын командалар мектеп оқушылары болса, мектептің нөмірі мен атауы (аудан, облыс) көрсетілген бәйджиктері болуы тиіс;

- егер Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні, Наурыз мерекесі аясында жарыстар өткізілсе, ойыншылар мүмкіндігінше қазақтың ұлттық ою-өрнегімен безендірілген киім үлгілерінде ойнау ұсынылады.

Тоғызқұмалақты алаңда ойнаудың жаңа нұсқасын халық арасында (мектеп, колледж, ЖОО) насихаттау және облыс, республика көлемінде ұлттық спорт түрлерінің бұқаралық сипат алуын арттыру үшін 2017-2025 жылдар аралығында түрлі семинарлар мен спорттық іс-шаралар өткізілді.

Осы тоғызқұмалақ ойынының жаңа нұсқасын ойлап тауып, негізін қалап тәжірибеге ендіріп, халық арасында кеңінен насихаттап келе жатқан Тараз қаласындағы №10 орта мектептің дене тәрбиесі пәнінің шебер санаттындағы мұғалімі, ҚР құрметті спорт қызметкері А.О. Шаловтың еңбегі ұшан-теңіз. Ол көпжылдық ғылыми ізденісі нәтижесінде «Тоғызқұмалақ ойынын алаңда ойнау әдіс-тәсілі негіздерін үйрету» атты құнды авторлық оқу-әдістемелік құралын дайындап, баспадан

шығарды [20]. Бұл оқу-әдістемелік еңбекті қазіргі уақытта еліміздің көптеген дене тәрбиесі пәні мұғалімдері күнделікті сабақтарында қолданып келеді.

Осы тоғызқұмалақты спорттық алаңда ойнату жөнінде спортшы-студенттер мен жетекші мамандардың пікірлерін айқындау мақсатында 2025 жылы Халықаралық туризм және меймандостық университетінің базасында өткізілген XIII жазғы Универсиада аясында сауалнама жүргіздік. Сауалнама 10-16 мамыр аралығында тоғызқұмалақтан өткен жарыс барысында алынды. Сауалнамаға 29 ЖОО-ның команда жетекшілері (n=29) мен студенттер қатысты (ерлер n=84, қыз балалар n=78). Сауалнамада үш сұрақ қарастырылды. Сауалнама нәтижелері 2-кестеде беріледі.

2-кесте – XIII жазғы Универсиада аясында тоғызқұмалақтан өткен жарыс барысында жүргізілген сауалнама нәтижелері (n=162).

№	Сұрақтар	Қатысушы саны	Жауаптар				
			ия (%)		жоқ (%)		
		Ер.	Қыз.	Ер.	Қыз.	Ер.	Қыз.
1	Тоғызқұмалақты спорттық алаңда ойнаудан хабарыңыз бар ма?	84	78	72 (85,7) %	70 (89,7) %	12 (14,3) %	8 (10,3) %
2	Тоғызқұмалақты спорттық алаңда ойнауды оқу үдерісіне енгізуді қолдайсыз ба?	84	78	100 %	100 %	-	-
3	Тоғызқұмалақтан спорт алаңында жарыс өткізілсе қатысасыз ба?	84	78	100 %	100 %	-	-
Ескерту: қатысушылар саны XIII жазғы Универсиада ның тоғызқұмалақ жарысының хаттамасынан алынды.							

Сауалнама нәтижелерін талдай келе, 1-сұраққа ер балалардың 85,7 %-ы (72), қыз балалардың 89,7 %-ы (70) алаңда ойнайтын тоғызқұмалақ жөнінде хабардар екендіктерін, ойынның жаңа нұсқасына қызығушылық білдіретіндіктерін көрсетті. Ал, 14,3 % ер балалар, 10,3 % қыз балалар бұл ойын нұсқасынан хабардар еместігін көруге болады.

Ал, 2-сұрақ бойынша ер балалар мен қыз балалардың барлығы егер тоғызқұмалақты ашық алаңда ойнау ережесі мен әдістемесін меңгеріп,

үйренетін болса 100% оқу үдерісіне енгізуді қолдайтындықтарын, себебі, бұл ойын ұжымдық ойлау мен ұжымдық жауапкершілікті арттырып қана қоймай, таза ауадағы қимыл-әрекеттер адам ағзасына оң әсер ететіндігін атап көрсеткен.

3-сұраққа сауалнамаға қатысушылардың барлығы (100 %) егер тоғызқұмалақтан спорт алаңында жарыс өткізілетін болса міндетті түрде қатысуға қызығушылық танытқан. Бұл тоғызқұмалақты спорт алаңында өткізудің дұрыс және ешқандай қарсылықтың жоқ екендігін білдіреді.

Осы сауалнама сұрақтарын 29 ЖОО-нан келген команда жетекшілеріне қойғанымызда барлығы (100 %) тоғызқұмалақты ашық алаңда ойнауды қолдайтындықтарын, бұл ойынды барынша насихаттау керектігін, әсіресе, мектеп оқушылары арасында дамытып, үйретіп, жарыстар өткізу нәтижелі болатындығына назар аударуды ұсынды. Себебі, мектеп жасындағы балалар қимыл-әрекетке барынша көп қатысулары керек. Ұжымдық ойлау, ұжымдық жауапкершілік, ұжымдық мүддені қорғаудың іргетасын мектеп жасынан бастап қалыптастырып, жүзеге асыру қажеттігін атап өтті.

Қорытынды

Қазіргі қазақ қоғамының алдында тұрған аса маңызды мәселе халықтың рухани-мәдени асыл мұрасын жаңа заман ағымына сай бейімдеп, тәжірибеде кеңінен пайдалану болып табылады. Сондықтан қазіргі өміріміздің жоғары талғамына сай қолда бар асыл қазыналарды жаңартып, жаңғырту күн тәртібінде тұрған өте өзекті мәселелердің бірі. Зерттеу нәтижесіне бағытталған мақсат-міндеттер толықтай орындалды деп санаймыз.

Біріншіден ойынға қатысушыларға тоғызқұмалақты спорт алаңында ойнаудың ережелері мен әдістемесі жан-жақты түсіндірілді.

Екіншіден ойын арқылы қатысушыларға жауапкершілікті сезініп, әрдайым әділ әрі таза ойнау қағидасы жүзеге асырылды.

Үшіншіден қатысушыларға ұжымдық ойлау, ұжымдық есептеу, ұжымдық мүдде, ұжымдық жеңіс сияқты командалық рухқа тәрбиелеу бағытында жұмыстар жүргізілді.

Тоғызқұмалақ ойыны біздің болашақ жастарымыз үшін өте маңызды, оның жылдам ойлауға, ой ұшқырлығын дамытуға, математикалық есептеуді үйретуде пайдасы өте мол. Осы тұрғыда тоғызқұмалақ ойынының алатын орны өте зор. Сондықтан, ғасырдан-ғасырға ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан асыл қазынаны заман талабына сай жетілдіріп, үйрету арқылы жастардың бойында ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің басты парызымыз болып саналады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Тоқаев, Қ. К.** «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2020. – [Электронды ресурс]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek (Қаралу күні: 25.09.2025 ж.).
- 2 **Тоқаев, Қ. К.** Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзі. – Ана тілі. 04.07.2024. – № 26 (1754). – 4–56.
- 3 Қазақстанда ұлттық спорт түрлерімен қанша адам айналысады. – [Электронды ресурс]. – <https://kaz.zakon.kz/sport/6062520-azastanda-ltty-sport-trlermen-ansha-adam-aynalsady.html> (Қаралу күні: 10.10.2025 ж.).
- 4 **Ақшораев, Ә.** Тоғызқұмалақ даналығы: оқу құралы. – Тараз, 2000. – 226-б.
- 5 **Шотаев, М.** Тоғызқұмалақ есептері мен этюдтері : оқу құралы. - Астана, 2014. – 104-б.
- 6 **Тәникеев, М. Т.** От байги до Олимпиады. – Алма-Ата : Казахстан, 1983. – 208-с.
- 7 **Пантусов, Н.** Киргизская игра тогуз кумалак. Известная общества археологии, истории и этнографии при Казанском университеті. 4 выпуск XXII том 1904 г. – С. 252.
- 8 **Аманжолов, С.** Тоғызқұмалақ (қазақша және орысша): оқулық. - Алматы, 1936. – 190-б.
- 9 **Тәнекеев, М.** Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихы: оқу құралы. – Алматы, 2002. – 245-б.
- 10 Әуезов, М. Абай жолы. 2-кітап. – Алматы : «Жеті жарғы», 1997. – 350-б.
- 11 **Сұлтанбеков, Т.** Шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ : оқу құралы. - Алматы, 1967. – 140-б.
- 12 **Тлеубаев, С.** Тоғызқұмалақ такталары мен цифр нотация: оқу құралы. – А., 1974. – 110-б.
- 13 ЮНЕСКО тоғызқұмалақ ойынын адамзатқа ортақ мәдени мұра деп таныды. – [Электронды ресурс]. – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/2676?lang=kk>
- 14 **Шотаев, М., Жұмабаев, Н., Акназаров, С.** Таңғажайып тоғызқұмалақ: оқу құралы. – Түркістан: «ХҚТУ баспасы», 2009. – 156-б.
- 15 **Тілеубаев, С.** Тоғызқұмалақ әліппесі: оқу құралы. – Алматы : «Қағанат», 2000. – 125-б.

16 **Шарипов, С. А., Шотаев, М. Е., Сейтжанов, А. М.** Тоғызқұмалақ ойынының ережесі: әдістемелік оқу құралы. – Астана : «Арай» баспасы, 2008. – 128-б.

17 **Иманбаев, Е.** Құмалақ санау жүйесі: оқу-әдістемелік құрал. – Қызылорда, 2003. – 60-б.

18 **Егізбаев, Ж.** Шындық пен әділдіктің ақ семсері. – Қызылорда. – 2011. – 439-б.

19 **Молдахметова, А. Ш., Байзақова, Н. О., Молдахметова, Р. Ш.** Тоғызқұмалақты үйрету әдістемесі: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2020. – 94-б.

20 **Шалов, А. О.** Тоғызқұмалақ ойынын алаңда ойнау әдіс-тәсілі негіздерін үйрету : оқу-әдістемелік құрал. – Тараз, 2021. – 64-б.

References

1 **Tokaev, K. K.** «Zhana zhardajdaғы Қазақстан: is-kimyl kezeni» Қазақстан халқына Zholdauy. 01.09.2020. [Address to the people of Kazakhstan» Kazakhstan in new conditions: a period of action». 01.09.2020]. – [Electronic resource]. – https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylyg-1-kyrkuiek (Access date: 25.09.2025 zh.).

2 **Tokaev, K. K.** Ulttyq quryltajda sojlegen sozi [Speech at the National Convention]. – Ana tili. 04.07.2024. – № 26 (1754). – 4-5 p.

3 Қазақстанда ұлттық спорт тырлерімен қанша адам айналысady [How many people are engaged in national sports in Kazakhstan]. – [Electronic resource]. – <https://kaz.zakon.kz/sport/6062520-azastanda-ltty-sport-trlermen-ansha-adam-aynalysady.html> (Access date: 10.10.2025 zh.).

4 **Akshoraev, Ә.** Toғызқұмалақ данalygu : оқу құралы [The wisdom of togyzkumalak: a textbook]. – Taraz, 2000. – 226 p.

5 **Shotaev, M.** Toғызқұмалақ esepтері мен jetjudтері : оқу құралы [Problems and studies of togyzkumalak: a textbook]. – Astana, 2014. – 104 p.

6 **Tәnikeev, M. T.** Ot bajgi do Olimpiady [From the baiga to the Olympics]. – Alma-Ata: Kazahstan, 1983. – 208 p.

7 **Pantusov, N.** Kirgizskaja igra toguz kumalak. Izvestnaja obshhestva arheologii, istorii i jetnografii pri Kazanskom universiteti [The Kyrgyz game toguz kumalak. Member of the Society of Archeology, History and Ethnography at Kazan University]. 4 vypusk HHII tom 1904 g. – P. – 252.

8 **Amanzholov, S.** Togyzkumalak (qazaqsha zhane orysshа) : оқулық [Togyzkumalak (Kazakh and Russian): textbook]. – Almaty, 1936. – 190 p.

9 **Tәнеkeev, M.** Қазақстандағы дене шынықтыру және спорт тарихы: оқу құралы [History of Physical Culture and sports in Kazakhstan : a textbook]. – Almaty, 2002. – 245 p.

10 **Әуезов, M.** Abaj zholy. 2-kitap [The path of Abai. Book 2]. – Almaty: «Zhety zharғы», 1997. – 350 p.

11 **Сытанбеков, T.** Shahmat, doiby, toғyzqymalak : оқу құралы [Chess, checkers, togyzkumalak: tutorial]. – Almaty, 1967. – 140 p.

12 **Тлеубаев, S.** Toғyzqymalak taktalary men cifr notaciya : оқу құралы [Togyzkumalak boards and Digit notation: textbook]. – A., 1974. – 110 p.

13 YUNESKO toғyzqymalak oıy`ny`n adamzatqa ortak мәдени мыра деп tany`dy` [Togyzkumalak boards and Digit notation: textbook]. – [Electronic resource]. – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mfa/press/region-news/details/2676?lang=kk>

14 **Shotaev, M., Zhymabaev, N., Aqnazarov, S.** Таңғажайп toғyzqymalak: оқу құралы [Amazing togyzkumalak : training manual]. – Tүrkistan : «HҚТУ baspasy», 2009. – 156 p.

15 **Tileubaev, S.** Toғyzqymalak әліппесі : оқу құралы [Togyzkumalak Alphabet: textbook]. – Almaty: «Қаранат», 2000. – 125 p.

16 **Sharipov, S. A., Shotaev, M. E., Sejtzhanov, A. M.** Toғyzqymalak oıynynuң erezhesi: әдістемелік оқу құралы [Rules of the game togyzkumalak: methodical manual]. – Astana: «Araj» baspasy, 2008. – 128 p.

17 **Imanbaev, E.** Qymalak sanau zhıjesi: оқу-әдістемелік құрал [Kumalak number system: educational and methodical manual]. – Kyzylorda, 2003. – 60 p.

18 **Egizbaev, Zh.** Shyndyq pen әdildiktin aq semseri [The White sword of truth and Justice]. – Kyzylorda, 2011. – 439 p.

19 **Moldahmetova, A. Sh., Bajzakova, N. O., Moldahmetova, R. Sh.** Toғyzqymalakty үjretu әдіstemesi: оқу-әдістемелік құрал [Methods of teaching togyzkumalak: educational and methodical manual]. – Almaty : «Қазақ universiteti», 2020. – 94 p.

20 **Shalov, A. O.** Togyzqymalaq oıynyn alaңda oınau әdis-tәsili negizderin үjretu : оқу-әдістемелік құрал [Teaching the basics of how to play togyzkumalak on the field: educational and methodical manual]. – Taraz, 2021. – 64 p.

22.01.25 ж. баспаға түсті.

04.05.26 ж. түзетулерімен түсті.

15.05.26 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Б. Дошыбеков¹, Ж. М. Есиркепов², Б. О. Ермаханов³,
А. Ж. Куватов⁴, Б. Т. Джигарбаев⁵

¹Национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Международный университет туризма и гостеприимства,
Республика Казахстан, г. Туркестан;

³Международный Казахско-Турецкий университет имени Ходжи Ахмеда
Ясави, Республика Казахстан, г. Туркестан;

⁴Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар;

⁵Казахский национальный медицинский университет имени
С. Д. Асфендиярова, Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 22.01.25.

Поступило с исправлениями 04.05.26.

Принято в печать 15.05.26.

МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ ИГРЕ ТОГЫЗКУМАЛАК НА СПОРТИВНОЙ ПЛОЩАДКЕ

В данной статье проведен обзор истории происхождения и этапов становления национальной казахской игры тогызкумалак, проведен анализ научных и учебно-методических работ ученых и квалифицированных тренеров, внесших вклад в развитие спорта тогызкумалак в стране и за рубежом, разработавших компьютерные программы и правила игры. Многие ученые в области физической культуры и спорта обратили внимание на предположения, что в игре тогызкумалак нет двигательных действий, она только совершенствует логическое мышление ребенка, и что нет необходимости включать игру в школьную программу. Всесторонне проанализировав данный вопрос, мы предлагаем новый вариант игры тогызкумалак играющих в движении групповыми (командными) игроками на начерченной на земле площадке тогызкумалак. В статье рассматриваются основные особенности новой игры, оборудование для игры на поле и размеры игрового поля в зависимости от возрастных особенностей детей. Кроме того, в направлении внедрения результатов исследования на практике в 2025 году на базе Международного университета туризма и гостеприимства в рамках XIII летней Универсиады был проведён опрос. В опросе приняли участие руководители команд и студенты из 36 вузов. Результаты

опроса были проанализированы, и на практике было подтверждено правильность выбранного направления нашего исследования.

Ключевые слова: тоғызқумалақ, национальные игры, национальные ценности, логическое мышление, физические способности, соревнования.

**A. B. Doshybekov¹, Zh. M. Yessirkepov², B. O. Yermakhanov³,
A. Zh. Kuvatov⁴, B. T. Dzhigarbayev⁵*

¹Abai National Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²International University of Tourism and Hospitality,
Republic of Kazakhstan, Turkestan;

³International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi,
Republic of Kazakhstan, Turkestan;

⁴Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

⁵Kazakh National Medical University named after S. D. Asfendiyarov,
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 22.01.25.

Received in revised form 04.05.26.

Accepted for publication 15.05.26.

THE METHODOLOGY OF TEACHING THE GAME TOGYZKUMALAK ON THE SPORTS FIELD

This article reviews the history of the origin and stages of the formation of the national Kazakh game togyzkumalak, analyzes the scientific and educational works of scientists and qualified coaches who contributed to the development of togyzkumalak sports in the country and abroad, developed computer programs and rules of the game. Many scientists in the field of physical culture and sports have drawn attention to the assumptions that there are no motor actions in the togyzkumalak game, it only improves the logical thinking of the child, and that there is no need to include the game in the school curriculum. Having comprehensively analyzed this issue, we propose a new type of togyzkumalak game played in motion by group (team) players on a togyzkumalak playground drawn on the ground. The article discusses the main features of the new game, the equipment for playing on the field and the size of the playing field depending on the age characteristics of children. Furthermore, in order to implement the research findings into practice, a survey was conducted

in 2025 at the XIII Summer Universiade held at the International University of Tourism and Hospitality. The survey involved team leaders and students from 36 universities. The results of the survey were analyzed, confirming the validity of our research direction in practice.

Keywords: togyzkumalak, national games, national values, logical thinking, physical abilities, competitions.

Теруге 15.05.2026 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2026 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

26,3 Кб RAM

Шартты баспа табағы 50,81

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4566

Сдано в набор 15.05.2026 г. Подписано в печать 30.06.2026 г.

Электронное издание

26,3 Кб RAM

Усл.п.л. 50,81. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4566

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz